

Баянауыл ауданында әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Баянауыл аудандық мәслихатының 2016 жылғы 20 шілдедегі № 25/05 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 09 тамызда № 5197 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Баянауыл аудандық мәслихатының 2024 жылғы 22 тамыздағы № 197/22 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Баянауыл аудандық мәслихатының 22.08.2024 № 197/22 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабының 2-3-тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" № 504 қаулысына сәйкес, Баянауыл аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТЕДІ**:

1. Қоса беріліп отырған Баянауыл ауданында әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау Қағидалары бекітілсін.

2. Шешімнің орындалуын бақылау Баянауыл аудандық мәслихатының әлеуметтік-экономикалық даму мәселелері жоспар мен бюджет және әлеуметтік саясат жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрагасы

Аудандық мәслихатының хатшысы

Б. Жанахметов

Т. Қасен

Баянауыл аудандық
мәслихатының 2016 жылғы
20 шілдедегі № 25/05 шешімімен
бекітілді

Баянауыл ауданында әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидалары

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда – Павлодар облысы Баянауыл аудандық мәслихатының 23.06.2023 № 40/5 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Осы әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 2-3-тармағына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының "Ардагерлер туралы" Заңына (бұдан әрі - Заң), Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" (бұдан әрі - Үлгілік қағидалар) № 504 қаулысына сәйкес әзірленді және әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және Баянауыл ауданының мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың тәртібін белгілейді.

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы Қағидаларда пайдаланылатын негізгі терминдер мен ұғымдар:

1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясының Павлодар облысы бойынша (бұдан әрі – уәкілетті ұйым) – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтерді, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға арналған техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерді және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтерін көрсету, "бір терезе" қағидаты бойынша мемлекеттік қызметтерді, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға арналған техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерді, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтерін көрсетуге өтініштер қабылдау және көрсетілетін қызметті алушыға олардың нәтижелерін беру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, сондай-ақ электрондық нысанда мемлекеттік қызметтер көрсетуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған, жылжымайтын мүлікке құқықтарды оның орналасқан жері бойынша мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын заңды тұлға;

2) арнайы комиссия – өмірлік қыын жағдайдың туындауына байланысты әлеуметтік көмек көрсетуге үміткер адамның (отбасының) өтінішін қарау бойынша Баянауыл ауданы әкімінің шешімімен құрылатын комиссия;

3) ең төмен күнкөріс деңгейі – Павлодар облысы бойынша статистикалық органдар есептейтін мөлшері бойынша ең төмен тұтыну себетінің құнына тең, бір адамға қажетті ең төмен ақшалай кіріс;

4) мереке күндері – Қазақстан Республикасының ұлттық және мемлекеттік мереке күндері;

5) отбасының (азаматтың) жан басына шаққандағы орташа табысы – отбасының жиынтық табысының айына отбасының әрбір мүшесіне келетін үлесі;

6) өмірлік қызын жағдай – азаматтың тыныс-тіршілігін объективті түрде бұзатын, ол оны өз бетінше еңсере алмайтын ахуал;

7) уәкілетті орган - "Баянауыл ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі;

8) участекілік комиссия – әлеуметтік көмек алуға өтініш білдірген адамдардың (отбасылардың) материалдық жағдайына тексеру жүргізу және қорытындылар дайындау үшін кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің шешімімен қырылатын комиссия;

9) шекті шама – әлеуметтік көмектің бекітілген ең жоғары мөлшері.

2. Осы Қағидаларда әлеуметтік көмек ретінде жергілікті атқарушы органдымен (бұдан әрі - ЖАО) мүқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына (бұдан әрі - алушылар) өмірлік қызын жағдай туындаған жағдайда, сондай-ақ мереке күндеріне ақшалай немесе заттай нысанда көрсететін көмек түсініледі.

3. Әлеуметтік көмекті тағайындау туралы шешім қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде, алушының шотына аудару жолымен банк операцияларының тиісті түрлеріне лицензиялары бар, ақшалай нысандағы әлеуметтік көмек екінші деңгейдегі банктер немесе ұйымдар арқылы көрсетіледі.

4. "Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабында және "Ардагерлер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 2) тармақшасында, 11-бабының 2) тармақшасында, 12-бабының 2) тармақшасында және 13-бабының 2) тармақшасында, 17-бабында көрсетілген адамдарға әлеуметтік қолдау шаралары осы Үлгілік қағидаларда көзделген тәртіппен көрсетіледі.

5. Әлеуметтік көмек бір рет және (немесе) мерзімді (ай сайын, тоқсан сайын) көрсетіледі.

6. Әлеуметтік көмек көрсету үшін мерекелік күндерінің тізбесі:

1) 8 наурыз - Халықаралық әйелдер күні;

2) 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі мерекесі;

3) 7 мамыр - Отан қорғаушы күні;

4) 9 мамыр - Женіс күні;

5) 30 тамыз – Қазақстан Республикасының Конституция күні;

6) 16 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні.

2-тарау. Әлеуметтік көмек алушылар санаттарының тізбесін айқындау және әлеуметтік көмектің мөлшерлерін белгілеу тәртібі

7. Әлеуметтік көмек келесі санаттардағы азаматтарға көрсетіледі:

1) Ұлы Отан соғысының ардагерлері:

Ұлы Отан соғысына қатысушылар, атап айтқанда, Ұлы Отан соғысы кезеңінде, сондай-ақ бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағын (бұдан әрі – КСР Одағы) қорғау бойынша басқа да ұрыс операциялары кезінде майдандағы армия мен флоттың құрамына кірген әскери бөлімдерде, штабтар мен мекемелерде қызмет өткерген әскери қызметшілер, Ұлы Отан соғысының партизандары мен астыртын әрекет етушілері;

Ұлы Отан соғысы кезеңінде жарапануы, контузия алуы, мертігіүі немесе ауруға шалдығуы салдарынан болған мүгедектігі бар адамдар, атап айтқанда, Ұлы Отан соғысы кезеңінде майданда, ұрыс қымылдары ауданында, майдан маңындағы теміржол участкелерінде, қорғаныс шептерінің, әскери-теңіз базалары мен әуеайлақтардың құрылыш жайларында жарапануы, контузия алуы, мертігіүі немесе ауруға шалдығуы салдарынан мүгедектік белгіленген майдандағы армия мен флоттың әскери қызметшілері, Ұлы Отан соғысының партизандары мен астыртын әрекет етушілері, сондай-ақ жұмысшылар мен қызметшілер;

2) басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қымылдарының ардагерлері:

бұрынғы КСР Одағының үкіметтік органдарының шешімдеріне сәйкес басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қымылдарына қатысқан Кеңес Армиясының, Әскери-Теңіз Флотының, Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің әскери қызметшілері, бұрынғы КСР Одағы Ішкі істер министрлігінің басшы және қатардағы құрамының адамдары (әскери мамандар мен кеңесшілерді қоса алғанда);

оку жиындарына шақырылған және Ауғанстанға ұрыс қымылдары жүріп жатқан кезеңде жіберілген әскери міндеттілер;

Ауғанстанға ұрыс қымылдары жүріп жатқан кезеңде осы елге жүк жеткізу үшін жіберілген автомобиль батальондарының әскери қызметшілері;

бұрынғы КСР Одағының аумағынан Ауғанстанға жауынгерлік тапсырмалармен ұшқан ұшу құрамының әскери қызметшілері;

Ауғанстандағы кеңестік әскери контингентке қызмет көрсеткен, жарақат, контузия алған немесе мертіккен не ұрыс қымылдарын қамтамасыз етуге қатысқаны үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталған жұмысшылар мен қызметшілер;

1992 жылғы қыркүйек пен 2001 жылғы ақпан аралығындағы кезеңде Тәжікстан-Ауғанстан участкесінде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының шекарасын қорғауды қүшету жөніндегі мемлекетаралық шарттар мен келісімдерге сәйкес міндеттерін орындаған Қазақстан Республикасының әскери қызметшілері;

2003 жылғы тамыздан 2008 жылғы қазан аралығындағы кезеңде Ирактағы халықаралық бітімгершілік операцияға бітімгерлер ретінде қатысқан Қазақстан Республикасының әскери қызметшілері;

1986-1991 жылдар аралығындағы кезеңде Таулы Қарабахтағы этносаралық қақтығысты реттеуге қатысқан әскери қызметшілер, сондай-ақ бұрынғы КСР Одағы ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдары;

3) женілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысына қатысушыларға теңестірілген адамдар, атап айтқанда:

Ұлы Отан соғысы кезеңінде майдандағы армия құрамына кірген әскери бөлімдерде, штабтарда, мекемелерде штаттық лауазымдар атқарған не сол кезеңдерде майдандағы армия бөлімдерінің әскери қызметшілеріне қалалардың қорғанысына қатысқаны үшін белгіленген женілдікті шарттармен зейнетақы тағайындау үшін 1998 жылғы 1 қантарға дейін еңбек сіңірген жылдарына есептеліп жазылған, сол қалаларда болған Кеңес Армиясының, Әскери-Теңіз Флотының, бұрынғы КСР Одағының ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік әскерлері мен органдарының ерікті жалдамалы құрамының адамдары;

Ленинград қаласындағы қоршау кезеңінде қаланың кәсіпорындарында, мекемелері мен үйымдарында жұмыс істеген және "Ленинградты қорғағаны үшін " медалімен немесе "Қоршаудағы Ленинград тұрғыны" белгісімен наградталған азаматтар;

Екінші дүниежүзілік соғыс кезеңінде фашистер мен олардың одақтастары құрған концлагерьлердегі, геттолардағы және басқа да мәжбүрлеп ұсташа орындарындағы кәмелетке толмаған тұтқындар;

1986 – 1987 жылдары Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың, азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың салдарларын жоюға қатысқан, сондай-ақ ядролық сынақтарға тікелей қатысқан адамдар;

4) женілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысы кезеңінде жарапануы, контузия алуы, мертігуі немесе ауруға шалдығуы салдарынан болған мүгедектігі бар адамдарға теңестірілген адамдар, атап айтқанда:

бұрынғы КСР Одағын қорғау, әскери қызметтің өзге де міндеттерін басқа кезеңдерде атқару кезінде жарапануы, контузия алуы, мертігуі салдарынан немесе майданда болуына байланысты, сондай-ақ Ауғанстанда немесе ұрыс қимылдары жүргізілген басқа да мемлекеттерде әскери қызметтің өткери кезінде ауруға шалдығуы салдарынан мүгедектік белгіленген әскери қызметшілер;

Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың және азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың, ядролық сынақтардың салдарынан мүгедектік белгіленген

адамдар және мүгедектігі ата-анасының бірінің радиациялық сәуле алудымен генетикалық байланысты олардың балалары;

5) еңбек ардагерлері:

Социалистік Еңбек Ерлері, үш дәрежелі Еңбек Даңқы орденінің иегерлері;

"Қазақстанның Еңбек Ері", "Халық қаһарманы" атақтарына ие болған адамдар;

Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталған адамдар;

1941 жылғы 22 маусым – 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде алты ай жұмыс істеген (қызмет өткерген) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталмаған адамдар;

6) Заңның күші қолданылатын басқа да адамдар:

Ауғанстандағы немесе ұрыс қимылдары жүргізілген басқа да мемлекеттердегі ұрыс қимылдары кезінде жарапануы, контузия алуы, мертігуі, ауруға шалдығуы салдарынан қаза тапқан (хабар-ошарсыз кеткен) немесе қайтыс болған әскери қызметшілердің отбасылары;

бейбіт уақытта әскери қызметін өткери кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) әскери қызметшілердің отбасылары;

Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың және азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апартар мен авариялардың салдарларын жою кезінде қаза тапқан адамдардың отбасылары;

Ұлы Отан соғысы кезеңінде жарапануы, контузия алуы, мертігуі немесе ауруға шалдығуы салдарынан қайтыс болған мүгедектігі бар адамның немесе женілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысы кезеңінде жарапануы, контузия алуы, мертігуі немесе ауруға шалдығуы салдарынан болған мүгедектігі бар адамдарға теңестірілген қайтыс болған адамның екінші рет некеге тұрмаған зайдыбы (жұбайы), сондай-ақ жалпы ауруға шалдығуы, жұмыста мертігуі және басқа да себептер (құқыққа қарсы келетіндерді қоспағанда) салдарынан болған мүгедектігі бар адам деп танылған, қайтыс болған Ұлы Отан соғысы қатысушысының, партизанның, астыртын әрекет етушінің, "Ленинградты қорғағаны үшін" медалімен немесе "Коршаудағы Ленинград тұрғыны" белгісімен наградталған азаматтың екінші рет некеге тұрмаған зайдыбы (жұбайы);

1988 – 1989 жылдары Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың салдарларын жоюға қатысушылар қатарындағы, қоныс аудару күні құрсақта болған балаларды қоса алғанда, оқшаулау және көшіру аймақтарынан Қазақстан Республикасына қоныс аударылған (өз еркімен кеткен) адамдар;

7) зейнеткерлік жасқа толған, зейнетақының және (немесе) жәрдемақының ең төмен мөлшерін немесе зейнетақының және (немесе) жәрдемақының ең төмен мөлшерінен төмен алатын азаматтар;

зейнетақының және (немесе) жәрдемақының ең төмен мөлшерін немесе зейнетақының және (немесе) жәрдемақының ең аз мөлшерінен төмен алатын 80 жастағы және одан (асқан) көп жасқа толған азаматтар;

сотпен немесе Қазақстан Республикасының "Жаппай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау туралы" Заңымен белгіленген тәртіппен саяси қуғын-сүргіндер құрбаны немесе саяси қуғын-сүргіндерден зардал шеккен деп танылған азаматтар;

8) мүгедектігі бар адамдар, атап айтқанда:

18 жасқа дейінгі мүмкіндігі шектеулі балалар;

1 топтағы мүмкіндігі шектеулі адамдар;

2 топтағы мүмкіндігі шектеулі адамдар;

3 топтағы мүмкіндігі шектеулі адамдар;

18 жасқа дейінгі мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеп отырған отбасылар;

мүгедектігі бар спортшылар;

кірістерін есепке алмай, жоғары немесе орта арнайы (кәсіби) білім және білім берудің өзге де түрлерін алуға мүгедектігі бар адамның абилитациялау мен оңалтудың жеке бағдарламасының кәсіби бөлігінен көшірмесі бар мүмкіндігі шектеулі студенттер;

9) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушылар қатарындағы көп балалы аналар (отбасылар);

10) жоғары оқу орындарында оқу үшін, оқуын аяқтау мерзіміне дейін әлеуметтік көмек алған студенттері;

11) аз қамтамасыз етілген азаматтар, атап айтқанда:

пешпен жылдытылатын жеке тұрғын үй қорында тұратын мүмкіндігі шектеулі барлық санаттағы адамдар, мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алатын, төрт және одан да көп кәмелетке толмаған балалары бар аз қамтылған көп балалы аналар, өтініш берген мерзімде ең төменгі күнкөріс деңгейінен аспайтын жан басына шаққандағы орташа табыстары бар отбасылар;

табиғи зілзаланың немесе өрттің салдарынан мүлікке залал келтіруге байланысты өмірлік қызын жағдайға тап болған азаматтар;

бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған азаматтар;

12) әлеуметтік мәні бар аурулары бар азаматтар, атап айтқанда:

онкологиялық аурумен ауыратын адамдар (3, 4 кезеңдегі және аурудың кезеңінен тәуелсіз 4 клиникалық топтағы), нәжіс, зәр және тыныс жыланкөздері

бар қан өндіру және лимфа жүйесінің аурулары (лейкемия, лимфопролиферативтік аурулар);

адамның қорғаныс тапшылығының қоздырғышы ауруынан зардап шегетін тұлғалар;

адамның қорғаныс тапшылығының қоздырғышы ауруынан зардап шегетін балалар;

амбулаторлық емдеудегі туберкулез ауруынан зардап шегетін тұлғалар;

"жүйелі қызыл жегі" ауруынан зардап шегетін тұлғалар;

1 түрі қант диабетімен ауыратын адамдар;

8. Үәкілетті орган табыс есебінсіз көмек көрсетеді:

1) мерекелік күндерге біржолғы әлеуметтік көмек:

Халықаралық әйелдер күніне осы Қағидаларының 7-тармақтың 9) тармақшасында көрсетілген санат үшін үәкілетті органның тізімі негізінде;

Қазақстан халқының бірлігі мерекесіне осы Қағидаларының 7-тармағы 5) тармақшасының 2, 3 абзацтарында, 7) тармақшасының 3 абзацында көрсетілген санаттар үшін үәкілетті үйымның тізімі негізінде;

Отан қорғаушы күніне осы Қағидаларының 7-тармағы 2) тармақшасының 7, 8 абзацтарында, 6) тармақшасының 3 абзацында көрсетілген санаттар үшін үәкілетті үйымның тізімі негізінде;

Женіс күніне осы Қағидаларының 7-тармақтың 1), 3), 4) тармақшаларында, 2) тармақшасының 2, 3, 4, 5, 6, 9 абзацтарында, 5) тармақшасының 4, 5 абзацтарында, 6) тармақшасының 2, 4, 5, 6 абзацтарында көрсетілген санаттар үшін үәкілетті үйымның тізімі негізінде;

Қазақстан Республикасының Конституция күніне осы Қағидаларының 7-тармағы 8) тармақшасының 6, 8 абзацтарында көрсетілген санаттар үшін үәкілетті үйымның тізімі негізінде;

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне осы Қағидаларының 7-тармағы 7) тармақшасының 1, 2 абзацтарында, 8) тармақшасының 2, 3, 4 абзацтарында көрсетілген санаттар үшін үәкілетті үйымның тізімі негізінде;

2) біржолғы әлеуметтік көмек:

Үлгілік қағидаларының 13-тармағының 1), 3) тармақшаларында көрсетілген құжатты қоса бере отырып өтініш негізінде тұрғын үйді жөндеуге нақты шығындар бойынша 500 (бес жүз) айлық есептік көрсеткіш (бұдан әрі-АЕК), осы Қағидаларының 7-тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген санаттар үшін;

Үлгілік қағидаларының 13-тармағының 1), 3) тармақшаларында көрсетілген құжатты қоса бере отырып өтініш негізінде санаторлық-курорттық емделуге арналған 50 (елу) АЕК мөлшерінде, осы Қағидаларының 7-тармақтың 2) тармақшасында, 3) тармақшасының 5 абзацында көрсетілген санаттар үшін;

Үлгілік қағидаларының 13-тармағының 1), 3) тармақшаларында көрсетілген құжатты қоса бере отырып өтініш негізінде санаторлық-курорттық емделуге жеке көмекшінің еріп жүруіне 55 (елу бес) АЕК мөлшерінде, осы Қағидаларының 7-тармағы 8) тармақшасының 2, 3 абзацтарында көрсетілген санаттар үшін;

уәкілетті органның тізімі негізінде республикалық, халықаралық жарыстарға дайындалу үшін 15 (он бес) АЕК мөлшерінде, осы Қағидаларының 7-тармағы 8) тармақшасының 7 абзацында көрсетілген санат үшін;

уәкілетті органның тізімі негізінде 4 (төрт) АЕК мөлшерінде, осы Қағидаларының 7-тармағы 8) тармақшасының 3 абзацында көрсетілген санат үшін;

Үлгілік қағидаларының 13-тармағының 1), 3) тармақшаларында көрсетілген құжатты қоса бере отырып өтініш негізінде 100 (жүз) АЕК мөлшерінде өмірлік қыын жағдайдың басталуынан бір жыл ішінде, осы Қағидаларының 7-тармағы 11) тармақшасының 3 абзацында көрсетілген санат үшін;

Үлгілік қағидаларының 13-тармағының 1), 3) тармақшаларында көрсетілген құжатты қоса бере отырып өтініш негізінде 10 (он) АЕК мөлшерінде, осы Қағидаларының 7-тармағы 11) тармақшасының 4 абзацында көрсетілген санат үшін;

Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы деңсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы "Баянауыл аудандық ауруханасы" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнынан анықтама, Үлгілік қағидаларының 13-тармағының 1), 3) тармақшаларында көрсетілген құжатты қоса бере отырып өтініш негізінде 10 (он) АЕК мөлшерінде, осы Қағидаларының 7-тармағы 12) тармақшасының 2 абзацында көрсетілген санат үшін;

Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы деңсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы "Баянауыл аудандық ауруханасы" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны ұсынған тізімі негізінде осы Қағидаларының 7-тармағы 12) тармақшасының 3 абзацында көрсетілген санат үшін 10 (он) АЕК мөлшерінде;

дәрігерлік-консультациялық комиссияның ауруды растайтын қорытындысын, Үлгілік қағидаларының 13-тармағының 1), 3) тармақшаларында көрсетілген құжатты қоса бере отырып өтініш негізінде 10 (он) АЕК мөлшерінде, осы Қағидаларының 7-тармағы 12) тармақшасының 6 абзацында көрсетілген санат үшін;

дәрігерлік-консультациялық комиссияның ауруды растайтын қорытындысын, Үлгілік қағидаларының 13-тармағының 1), 3) тармақшаларында көрсетілген құжатты қоса бере отырып өтініш негізінде 10 (он) АЕК мөлшерінде, осы Қағидаларының 7-тармағы 12) тармақшасының 7 абзацында көрсетілген санат үшін;

3) тоқсан сайынғы әлеуметтік көмек:

Үлгілік қағидаларының 13-тармағының 1), 3) тармақшаларында көрсетілген құжатты қоса бере отырып өтініш негізінде 20 (жиырма) АЕК мөлшерінде, осы Қағидаларының 7-тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген санат үшін (сауықтыруға);

Үлгілік қағидаларының 13-тармағының 1), 3) тармақшаларында көрсетілген құжатты қоса бере отырып өтініш негізінде 10 (он) АЕК мөлшерінде, осы Қағидаларының 7-тармақтың 2) тармақшасында, 3) тармақшасының 3, 4, 5 абзацтарында, 4) тармақшасының 3 абзацында, 6) тармақшасының 2 абзацында көрсетілген санаттар үшін;

4) ай сайынғы әлеуметтік көмек:

Үлгілік қағидаларының 13-тармағының 1), 3) тармақшаларында көрсетілген құжатты қоса бере отырып өтініш негізінде 15 (он бес) АЕК мөлшерінде, осы Қағидаларының 7-тармағы 8) тармақшасының 3, 4, 5 абзацтарында (өзіне-өзі күтім көрсете алмайтын және денсаулығының жай-күйіне байланысты үнемі көмек көрсетуге мұқтаж, өздерінің ата-аналарын (жұбайын) асырап-бағуға және оларға қамқорлық жасауға міндетті енбекке жарамды кәмелетке толған балалары (жұбайы) жоқ немесе объективті себептер бойынша оларды тұрақты көмекпен және күтіммен қамтамасыз ете алмайтын жақын туыстары бар мүгедектігі бар адамдарға (қарттық жасына, бірінші, екінші топтағы мүгедектігінің, онкологиялық, психикалық ауруларының болуы, бас бостандығынан айыру орындарында отыруына немесе елден тыс жерге тұрақты тұруға кетуі немесе басқа елді мекенде тұруы) көрсетілген санаттар үшін;

осы Қағидаларының 7-тармақтың 10) тармақшасында көрсетілген санат үшін оқу кезеңінде тұруға, тамақтануға және тұрғылықты жеріне жол жүргуге 10 (он) АЕК мөлшерінде;

Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы "Баянауыл аудандық ауруханасы" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны ұсынған тізімі негізінде тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген ең төменгі күнкөріс екі еселеген мөлшерінде, осы Қағидаларының 7-тармағы 12) тармақшасының 4 абзацында көрсетілген санат үшін;

Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы "Баянауыл аудандық ауруханасы" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны ұсынған тізімі негізінде осы Қағидаларының 7-тармағы 12) тармақшасының 5 абзацында көрсетілген санат үшін 15 (он бес) АЕК мөлшерінде.

9. Уәкілетті орган ең тәменгі күнкөріс деңгейінен аспайтын табысы бар адамдарға біржолғы әлеуметтік көмек көрсетеді:

аудан әкімі, жоғары оқу орнының басшысы және студентпен қолы қойылған білім беру қызметтерін көрсетуге үш жақты келісім-шартта көрсетілген сома Үлгілік қағидаларының 13-тармағының 1), 2), 3) тармақшаларында көрсетілген құжатты қоса бере отырып өтініш негізінде осы Қағидаларының 7-тармақтың 10) тармақшасында көрсетілген санат үшін төленеді;

Үлгілік қағидаларының 13-тармағының 1), 2), 3) тармақшаларында көрсетілген құжатты қоса бере отырып өтініш негізінде 20 (жиырма) АЕК мөлшерінде қатты отын сатып алуға (екінші жартыжылдықта көрсетіледі) осы Қағидаларының 7-тармағы 11) тармақшасының 2 абзацында көрсетілген санат үшін.

10. Эрбір жекелеген жағдайда көрсетілетін әлеуметтік көмек мөлшерін арнағы комиссия айқындайды және оны әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытындыда көрсетеді.

11. Алушылардың жекелеген санаттары үшін мереке күндеріне әлеуметтік көмектің мөлшерін облыстық ЖАО келісімі бойынша бірыңғай мөлшерде белгіленеді.

3-тaraу. Әлеуметтік көмек көрсету тәртібі

12. Әлеуметтік көмек көрсету тәртібі Үлгілік қағидаларының 12-25 - тармақтарына сәйкес айқындалды.

4-тaraу. Көрсетілетін әлеуметтік көмекті тоқтату және қайтару үшін негіздер

13. Әлеуметтік көмек:

1) алушы қайтыс болған;

2) алушы Баянауыл ауданының шегінен тыс тұрақты тұруға кеткен;

3) алушыны мемлекеттік медициналық-әлеуметтік мекемелерге тұруға жіберген;

4) алушы ұсынған мәліметтердің дәйексіздігі анықталған жағдайларда тоқтатылады.

Әлеуметтік көмекті төлеу көрсетілген жағдайлар туындаған айдан бастап тоқтатылады.

14. Артық төленген сомалар ерікті немесе Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген тәртіппен қайтаруға жатады.

5-тaraу. Қорытынды ереже

15. Әлеуметтік көмек көрсету мониторингі мен есепке алуды үәкілетті орган "Е-Собес" автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің дереккорын пайдалана отырып жүргізеді.

ырып жүргізеді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК